



## Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ к.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, атынан, бір жағынан, және \_\_\_\_\_ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан, негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және \_\_\_\_\_ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта бас әріппен жазылған төменде келтірілген терминдер мен анықтамалар келесі мағынада қолданылған:

1.2.1.1 «Шарттың жалпы сомасы» - Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген, шарттың түгелдей қолданылу мерзіміне есептелген және өзгертуге жатпайтын сомасы.

1.2.2. «Құпия ақпарат» - үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, еркін қол жеткізуге болмайтын және Орындаушы осы Шарт бойынша немесе оған байланысты алған, шарттың мазмұнын қоса алғанда, Тапсырыс берушінің қаржылық, техникалық және өзге де ақпаратын қамтитын құжаттама және басқа да ақпарат (оның ішінде жазбаша, ауызша, электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты қосқанда, алайда олармен шектелмей).

1.2.3. «Қызметтер» - атауы мен техникалық сипаты техникалық сипаттамада келтірілген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы авариялық-құтқару қызметінің қызметтері (Шарттың №2-қосымшасы).

1.2.4. «Акті» – Орындаушының Қызметтерді көрсету фактісін және Тапсырыс берушінің оларды қабылдағанын растайтын Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрлер таңбасымен куәландырылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі. Актіге қол қойылған күн Қызметтер көрсету күні болып табылады;

1.2.5. «Техникалық сипаттама» - осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың №2 Қосымшасында Тараптар айқындаған Орындаушы көрсететін Қызметтердің тізбесі, сипаттамасы және талаптары;

1.2.6. «Тапсырыс берушінің өкілі» - Шартты орындау шеңберінде Тапсырыс беруші оған жүктеген міндеттерді орындау үшін Тапсырыс беруші тағайындаған, Тапсырыс берушінің атынан мәселелерді шешуге және міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті кез келген тұлға;

1.2.7. «Орындаушының өкілі» - Шартты орындау шеңберінде Орындаушы оған жүктеген міндеттерді орындау үшін Орындаушы тағайындаған, Орындаушы атынан мәселелерді шешуге және міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті кез келген тұлға;

1.2.8. «Объект» -Тапсырыс берушінің мүлігі, соның ішінде ғимараттар, имараттар, құрылыстар, технологиялық қондырғылар, жабдықтар, агрегаттар және азаматтық қорғаныс саласындағы талаптар белгіленген немесе белгіленуі қажет басқа мүлік;

1.2.9. «Тауар» - материалдық-заттық түрдегі өндірістік-экономикалық қызметтің кез келген өнімі;

1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген шарттың жалпы сомасынан жергілікті қамтудың жоспарлық үлесі \_\_\_\_\_ % құрайды.


1.4. Қоршаған ортаға жасалған эмиссияға байланысты қызметтерді көрсету кезінде Орындаушы қоршаған ортаға эмиссия жасауға рұқсат алуы тиіс.

1.5. Осы Шартқа арналған қосымшалар тізбесі:

1.5.1. №1 қосымша – Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізбесі.

1.5.2. №2 қосымша – Техникалық сипаттама.

1.5.3. №3 қосымша - Елішілік құндылық бойынша есептілік нысаны.





- 1.5.4. №4 қосымша – Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология саласындағы келісім.
  - 1.5.5. №5 қосымша – Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар.
  - 1.5.6. №6 қосымша – Орындаушының басшылыққа алуына міндетті болып табылатын Тапсырыс берушінің құжаттамасымен Орындаушының жазбаша келісімі.
  - 1.5.7. №7-қосымша – Қызметтер көрсету тізілімдемесінің нысаны.
  - 1.5.8. №8-қосымша - Келудің есептік нормативтік уақыты, есеп беру тәртібі, Қызметтерді көрсетуге қойылатын қосымша талаптар.
  - 1.5.9. №9-қосымша – Орындаушының статистикалық есептілік нысаны.
  - 1.5.10. №10-қосымша – Тапсырыс беруші Орындаушыға қызметтер көрсету үшін жалға берген мүліктің тізбесі.
  - 1.5.11. №11-қосымша – Арналған бір адам сағат құны.
  - 1.5.12. №12-қосымша - Өнеркәсіптік (газ) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жататын объектілердің (ғимараттар мен құрылыстардың) тізбесі.
  - 1.5.13. №13-қосымша - Орындаушының Қызметтер көрсету үшін тартылатын жұмыскерлерінің жұмыс режиміне, санына, мамандықтарына, жалақысына.
  - 1.5.14. №14-қосымша -Есепті кезеңдегі жұмыс уақытының балансы туралы анықтама
  - 1.5.15. №15-қосымша – Орындаушы өз қаражаты есебінен сатып алатын арнайы киім-кешек.
  - 1.5.16. №16-қосымша - Орындаушының персоналына арналған шығыстар.
  - 1.5.17. №17-қосымша - Санкциялық ескертпе.
- 1.6. Тапсырыс беруші мен Орындаушы «Санкциялық ескертпе» деген №\_17 қосымшасының талаптарын орындауға міндеттенеді.
- 1.7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология саласындағы келісім» деген № 4 Қосымшасына сәйкес «Тапсырыс берушінің аумағында қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.
- 1.8. Жұмыскерлермен еңбек қатынастары саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде Шарттың «Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» деген № 5-қосымшасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға міндетті.
- 1.9. Шарт талаптарының орындалуын бақылау мақсатында Тараптар осы Шартты орындау кезінде тараптардың іс-әрекеттерін үйлестіруге (осы Шартқа және оның қосымшаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қоспағанда) уәкілетті өкілдерді тағайындайды. Тараптар осы Шарт бойынша Өкілдерді тағайындау немесе ауыстыру туралы бір-бірін тағайындау немесе ауыстыру күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндеттенеді.
- 1.10. Орындаушы қызметтің осы түрін көрсету үшін даярланған білікті персоналы, жұмыс тәжірибесі, уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті рұқсаттары, лицензиялары барына кепілдік береді.


## 2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Шарттың жалпы сомасы жылдар бойынша: - 2025 жылғы «01» қаңтардан 2025 жылғы «31» желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметтердің құны ҚҚС есептегенде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) тенгеден аспауы тиіс; - 2026 жылғы «01» қаңтардан 2026 жылғы «31» желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметтердің құны ҚҚС есептегенде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) тенгеден аспауы тиіс; - 2027 жылғы «01» қаңтардан 2027 жылғы «31» желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметтердің құны ҚҚС есептегенде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) тенгеден аспауы тиіс; - 2028 жылғы «01» қаңтардан 2028 жылғы «31» наурызға дейінгі кезеңдегі қызметтердің құны ҚҚС есептегенде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) тенгеден аспауы тиіс.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:





2.3.1. Қызметтердің құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен айқындалды. Төлем валютасы: теңге. Төлем нысаны – Орындаушының есеп шотына ақша аудару.

2.3.2. Көрсетілген қызметтердің төлемге ұсынылатын құны №11 қосымшаға сәйкес нақты жұмыс істеген уақыт пен адам-сағат құнының негізінде айқындалады.

2.3.3. 2025-2028 жылдарға арналған адам-сағат құны №11 қосымшада көрсетілген.

2.3.4. Шарттың түпкілікті сомасы сатып алуға ұсынылған ұсыныстардың негізінде әлеуетті өнім берушінің төмендету көлеміне барабар төмендету жолымен айқындалады.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Шот-фактура;

2.4.3. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі.

2.4.4. Жұмыс уақытын есепке алу табелі.

2.4.5. Осы Шарттың №7 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша ресімделген Көрсетілген қызметтер тізілімдемесі. Көрсетілген қызметтердің тізілімдемесін Орындаушы келесі айдың бірінші күнінен кешіктірмей ұсынады.

2.4.6. №14 қосымшаға сәйкес есепті кезеңде нақты жұмыс істеген уақыты туралы ақпарат.

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін қызметтердің құны ұлғайту бағытында, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен және Тәртіппен көзделген жағдайларды қоспағанда өзгертілмейді. Қазақстан Республикасының салықтарға қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді. Орындаушы келесі айдың бірінші күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге соңғы шот-фактураны және көрсетілген Қызметтер үшін тиісті кезеңге актіні ұсынады.

2.7. Төлемге шот-фактураны және/немесе басқа құжаттарды уақытылы ұсынбау Тапсырыс берушіні төлемді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатады.

2.8. Тараптар актіге қол қойған сәттен бастап Орындаушының қызметтері орындалған болып есептеледі.

2.9. Тапсырыс берушінің банктердегі барлық банкілік шығыстарын тапсырыс беруші, ал Орындаушының банктердегі банкілік шығыстарын Орындаушы төлейді. Корреспондент банк үшін комиссия ақша жіберуші есебінен төленеді.

2.10. Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстар, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын барлық салықтар қызметтердің құнына кіреді.


2.11. Егер Орындаушы Шарттың жалпы сомасында Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау үшін қажетті жеке (соның ішінде күтпеген) шығындарын қарастырмаса, қызметтердің қымбаттау қаупін және/немесе кез келген қосымша сомаларды төлеу міндетін Орындаушы көтереді.

### 3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Шарттың №1, №2, №8, №11, №13, №14, №15, №16 қосымшаларына сәйкес Орындаушы Қызметтерді орнында және уақытылы көрсетуге міндетті.

3.2. Қызметтерді көрсету күні Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні болып табылады. Орындаушы Тапсырыс берушіге қызметтерді саны мен сапасы бойынша Шарт талаптарына сәйкес және Шарттың №1, №2-қосымшаларына сәйкес көрсетеді.

3.3. Орындаушыдан көрсетілетін қызметтерді тапсыруға дайын екені туралы хабарлама алған тапсырыс беруші оларды дереу қабылдауға міндетті.





3.4. Орындаушы осы Шарттың талаптарына және оның қосымшаларына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында орналасқан өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы авариялық-құтқару қызметінің (газдан құтқару) (бұдан әрі-ГҚК) бөлімшесімен үздіксіз, тәулік бойы қызметтер көрсетеді.

3.5. Орындаушы қызметтер көрсететін Тапсырыс беруші объектілерінің тізбесі Шарттың № 12-қосымшасында көрсетілген.

3.6. Қызметтер көрсету үшін Орындаушының саны 58 бірліктен кем емес ГҚК бөлімшесі болуы тиіс.

3.7. Орындаушының Қызметтерді көрсетуге қатысатын жұмыскерлерінің жұмыс режиміне, санына, мамандықтарына, еңбекақыларына қойылатын талаптар № 13 қосымшада көрсетілген.

#### 4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша Шарттың жалпы құнынан 1 % мөлшерінде өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар шарттың орындалуын банк кепілдігі, ақшалай жарна, сақтандыру шарты түрінде қамтамасыз етуді енгізуге. Бұл міндеттеме Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда Орындаушыға қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайларын қоспағанда. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонхат, телетайпағдарлама, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіпте бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіпте сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.5. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.6. Қызмет көрсету кезінде Мердігер жұмыскерлерінің және тартылатын қосалқы мердігер ұйымдардың жұмыскерлерінің қауіпсіздік техникасы, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өзге де нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауын қамтамасыз етуі тиіс. Жұмыстарды жүргізу/қызмет көрсету аумағын және уақытша алаңдарды таза ұстау керек. Жұмыстарды орындау/қызмет көрсету барысында және оларды аяқтау кезінде Мердігердің қызметінен пайда болатын қалдықтарды, бөлшектеу жұмыстарынан және түсірілген материалдың қалдықтарынан пайда болатын қалдықтарды қоспағанда, Мердігердің контейнерлеріне жинап, Тапсырыс берушінің аумағынан өз есебінен және өз күшімен мамандандырылған кәсіпорынға әкету қажет. Бөлшектеу жұмыстарынан шыққан қалдықтар мен түсірілген материалдың қалдықтарын Тапсырыс беруші көрсеткен қалдықтарды уақытша сақтау алаңына әкету немесе қоймалау керек. Металл сынықтары мен пайдаланылған майлардың қалдықтары пайда болған жағдайда, Орындаушы осы қалдықтарды Тапсырыс берушіге береді. Лак-бояу немесе басқа да экологиялық қауіпті заттар ағып, жер беті ластанған кезде Мердігер ластанған жер бетін тазартуға байланысты барлық шығындарды көтереді.

4.1.7. Осы шарт шеңберінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін үшінші тұлғалар алдында жауапты болуға;

4.1.8. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.9. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.10. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушінің дереу ескертуге;





4.1.11. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.12. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.13. Қызметтер көрсетуге қажетті отандық Тауарларды, егер олар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген болса, мұндай Тауарларды сатып алу бойынша кепілдік міндеттемені ұсына отырып сатып алуға;

4.1.14. Тапсырыс берушіге залал келтірмеуге, сонымен қатар нәтижесінде Тапсырыс берушіге залал келтірілуі мүмкін келісімдерді үшінші тұлғалармен жасамауға;

4.1.15. Қызмет көрсетуді аяқтағаннан кейін соңғы көрсетілген қызметтер актісімен бірге Тапсырыс берушіге қызметтегі елішілік құндылық үлесінің нақты есебін Шарттың №3-қосымшасының нысаны бойынша ұсынуға;

4.1.16. Қызметтердегі елішілік құндылық үлесі туралы ұсынылған ақпараттың шүбәсіздігіне кепіл беруге міндеттенеді. Орындаушы елішілік құндылық үлесі туралы ақпаратты дұрыс бермеген жағдайда Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.17. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз жұмыскерлерінің еңбек талаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар Орындаушының жұмыскерлері ҚР заңнамасын, соның ішінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнамасын сақтауына жүйелі түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;


4.1.18. Еңбекақы төлеу саласында Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Орындаушы/қосалқы мердігер жұмыскерлері арасында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.19. Осы Шарттың «Еңбек қатынастары саласында мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» деген №5 қосымшасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға;

4.1.20. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасынан 1 (бір) % көлемінде енгізуге. Шартты орындауды қамтамасыз ететін банк кепілдігі, ақшалай жарна немесе сатып алулар туралы шартты толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар сақтандыру шарты Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде қабылданады. Банк кепілдігі электронды түрде шығарылып, Тапсырыс берушінің мекенжайына банк жүйесі бойынша ерекше Swift форматында хабарлама жіберу арқылы ұсынылуы мүмкін. Кепілдік қағаз тасығышта шығарылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге шығарылған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Swift жүйесін пайдалана отырып, Тапсырыс берушінің банкі арқылы кепілдікті шығару туралы растаманы жіберуге тиіс. Кепілдік мәтіні оны шығарғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Кепілдікті Standard & Poor's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтеріне сәйкес деңгейі «B-» кем емес несиелік рейтингі бар банк шығаруы тиіс. Кепілдік Кепілдіктер үшін біріздендірілген қағидаларға бағынуы қажет, МТП басылымы URDG 758, ред. 2010ж. Кепілдікті шығаруға және растауға кеткен шығындарды Орындаушы өз қаражатынан төлейді. Банк кепілдігі бойынша ақшалай қаражатты төлеуге байланысты барлық шығындарды ақша жіберуші төлейді. Сақтандыру шартын төлеуге қабілетті және қаржылық-тұрақты болып табылатын сақтандыру ұйымы беруге тиіс. Сақтандыру шарты берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде сақтандыру ұйымының пруденциалық нормативтерді сақтауы төлем қабілеттілігін және қаржылық-тұрақтылықты растау болып қабылданады. Сақтандыру шарты нөлдiк шартты түрдегі франшиз талаптарымен қол қойылуы тиіс. Сақтандыру шартының мәтіні оны шығарғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Орындаушы осы Шартта көрсетілген Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына ақшалай жарнаны аударуы тиіс. Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартты жасасқан күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші жасалған шартты біржақты тәртіпте бұзады және «Самұрық-Қазына» АҚ Холдингінің сенімсіз әлеуетті Өнім берушілерінің тізбесіне мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіпте Орындаушы туралы ақпаратты жібереді, әлеуетті Өнім беруші енгізген тендерлік өтінімнің қамтамасыз етілуі ұсталынады.

4.1.21. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.22. Осы Шарттың барлық қолданылу кезеңіне тендерлік өтінімде және Шарттың №13 қосымшасында көрсетілген тиісті жұмыскерлерге жалақылар белгіленсін. Осы міндеттемелердің орындалуын растау үшін Орындаушы тоқсан сайын, ағымдағы тоқсан аяқталғанға дейін екі жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер беруге міндетті. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушы жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын осы Шарттың №13,16-қосымшасына сәйкес қамтамасыз етуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей, тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары





туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған үзінді көшірмелерді беруге міндеттенеді

4.1.23. Ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей, «Орындаушының персоналына арналған шығыстар» деген №16-қосымшасында және «Орындаушы жұмыскерлері жалақысының ең төменгі шегі» деген №13-қосымшасында көзделген еңбекақы және әлеуметтік төлемдер бөлігінде міндеттемелердің орындалуын растау мақсатында мынадай есептілікті: - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскерлердің міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы төлем тапсырмасын; - ҚР Қаржы министрінің 2013 жылғы 19 тамыздағы №402 бұйрығының 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп айырысу-төлем ведомосін (оның ішінде Excel форматында) ұсынуға міндеттенеді. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушының жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау мөлшерін растайтын қосымша құжаттар мен ақпаратты сұрауға құқылы (соның ішінде есеп айырысу парақтары, еңбек шарттары және оларға қосымша келісімдер, Орындаушының жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу мен әлеуметтік қолдау шығыстарының мөлшерін растайтын Жұмыс берушінің еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау мәселелері жөніндегі актілері). Жұмыскерлердің дербес деректерін жинау және өңдеу бойынша барлық жауапкершілікті Орындаушы көтереді.

4.1.24. Тапсырыс берушінің өкілдеріне еңбекақы төлеу қорынан қаражаттың мақсатты пайдаланылуына, әлеуметтік қолдауға және осыған байланысты өзге де төлемдерге тексеру жүргізу үшін Орындаушының жұмыскерлеріне рұқсат беруге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша қаражаттың мақсатты пайдаланылуын растайтын барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;

4.1.25. Орындаушының еңбек ұжымында еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша әлеуметтік тұрақсыздыққа жол бермеуге;

4.1.26. Қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілген, жиынтығында көрсетілетін қызметтер/жұмыстар көлемінің (құнының) ¼ аспайтын жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемін сақтауға міндетті. Қосалқы мердігерлердің құрамын өзгерту қажет болған жағдайда (мәлімделген шекті көлемдер шеңберінде) Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні қосалқы мердігерлердің жаңартылған құрамын келісе отырып, жазбаша түрде хабардар етуге.

4.1.27. Егер осы Шарттың орындалуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса, онда Тапсырыс берушіге келесі жылдың 15 қаңтарына қарай алдыңғы күнтізбелік жылға жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлеміне елішілік құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есептеуін ұсынуға.

4.1.28. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алуға;

4.1.29. Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің өкілі белгілеген Қызметтердің сапасыз не уақтылы көрсетілмеуінен туындаған ақауларды дереу және өз есебінен жоюға;

4.1.30. Осы Шарттың №2 қосымшасында көрсетілген ГҚК персоналын тарта отырып қызметтер көрсетуге;

4.1.31. Қызмет көрсету үшін медициналық тексеруден өткен және ГҚК-да жұмыс істеуге жарамды білікті, аттестатталған персоналды ғана тартуға. Персоналдың біліктілігі азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалады. Қызмет көрсету үшін кадрларды іріктеу кезінде денсаулық жағдайы, олардың кәсіби және дене шынықтыру даярлығы деңгейі, моральдық-психологиялық қасиеттері бойынша жұмыскерлерге қойылатын белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге, мұнай-химия, мұнай өңдеу, мұнай-газ салаларында жұмыс тәжірибесі бар кандидаттарға басымдық беруге;


4.1.32. Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің кәсіпорнында қолданыстағы «Өткізу және объектішілік режимдер туралы» Ереженің талаптарын орындауды қамтамасыз етуге, өрт, өнеркәсіптік және газ қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын, санитарлық ережелерді, нормаларды және Тапсырыс берушінің кәсіпорнында қолданылатын басқа да ережелер мен нұсқаулықтарды сақтауға; Осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға;

4.1.33. Қызмет көрсету кезінде персонал МЕМСТ 12.4.111, МЕМСТ 12.4.112-82, МЕМСТ 12.4.236-2007, МЕМСТ 29335-92, МЕМСТ 29338-92 талаптарына сәйкес белгіленген сәйкестік нормаларына және кию мерзімдеріне сәйкес арнайы киіммен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.1.34. Орындаушы жұмыскерлерінің міндетті, мерзімді медициналық тексеруден өтуін, сондай-ақ Орындаушының жүргізуші құрамының рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеруден өтуін өз есебінен қамтамасыз етуге;

4.1.35. Тапсырыс берушіден Қызмет көрсету үшін қажетті Мүлікті (жиынтық) жалға алуға (жыл сайын Жалдау шартын жасаса отырып) және қойылатын талаптарға, соның ішінде өрт қауіпсіздігі және санитария саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес мүлікті пайдалануға, күтіп-ұстауға және сақтауға жауапты болады. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін табиғи (физикалық) тозуды ескере отырып, Тапсырыс берушіге акт бойынша жалға алынған мүлікті жұмыс күйінде қайтарады. Тапсырыс берушінің Орындаушыға жалға берілетін Мүлкінің (жиынтығының) тізбесі №10 қосымшада көрсетілген. Мүлікті тек осы Шарт бойынша қызмет көрсету үшін пайдалану, оларды басқа объектілерде пайдалануға жол бермеу. Үшінші тұлғаларға мүлікті пайдалана отырып Қызметтер көрсету Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша ғана жүргізіледі.

4.1.36. ГҚК бөлімшесін авариялық-құтқару техникасымен, авариялық-құтқару құралымен және жабдықтарымен, материалдармен,





арнайы киім-кешекпен және жарақтармен, сондай-ақ өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен, толық көлемде қызмет көрсету үшін қажетті мөлшерде және жарамды жағдайда қамтамасыз етуге;

4.1.37. Осы шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалар үшін осы Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші ұсынатын ақпараттың қатаң құпиялылығын қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ осы Шартты орындау үшін Орындаушы тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманы немесе ақпаратты ешкімге жария етпеуге. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді көрсету үшін қажет шамада берілуі тиіс.

4.1.38. Жүргізілетін профилактикалық жұмыстың және жедел қызметтің статистикалық есебін жүргізуге. Тапсырыс беруші өкілінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушіге шарттық міндеттемелерді орындау жөніндегі өз қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде статистикалық мәліметтерді (№9 қосымша) беруге міндетті.

4.1.39. Тапсырыс берушімен бірлесіп қызмет көрсетілетін жабдықтың аварияларын, оқыс оқиғаларының және жұмысынан бас тартуларын тергеп-тексеруге. Тергеу барысында Орындаушының кінәсінен туындаған кемшіліктердің сәйкессіздіктері анықталған жағдайда, кемшіліктердің осы сәйкессіздіктерін өз күшімен және өз есебінен жоюға;

4.1.40. Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшелерін тексеру бойынша тұрақты жұмыс істейтін және өрт-техникалық комиссиялардың жұмысына қатысуға;

4.1.41. Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік (газ) қауіпсіздік талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы уақтылы хабардар етуге;

4.1.42. Ай сайын Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшелеріндегі өнеркәсіптік (газ) қауіпсіздіктің жай-күйі туралы Тапсырыс берушіге ақпарат жолдауға;

4.1.43. Күн сайын Тапсырыс берушінің аумағында келісілген аса қауіпті (газ қауіпті) жұмыстар туралы ақпарат беруге;

4.1.44. Күн сайын Тапсырыс берушіге өткен тәулікте болған ГҚК-ның барлық шығулары туралы ақпарат беруге;

4.1.45. Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Орындаушының қызметін айқындайтын нормативтік-құқықтық актілерді сақтауға;

4.1.46. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша жоспарлардың, жоспарлы-алдын ала жөндеу кестелерінің, Тапсырыс берушінің стационарлық газ талдағыштары мен желдету жүйелеріне техникалық қызмет көрсетудің орындалуы туралы ақпарат беруге;

4.1.47. Өнеркәсіптік (газ) қауіпсіздік саласында консультациялар беру, Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын әзірлеуге қатысуға;

4.1.48. Тапсырыс берушінің объектілеріне аварияларды жою жоспарларын (бұдан әрі - АЖЖ) әзірлеуге, түзетуге және келісуге және олардың Тапсырыс берушінің «Аварияларды жою жоспарлары туралы» нақты Ережеге сәйкестігін мерзімді тексеруге қатысады. Тапсырыс беруші бекіткен кестеге және Тапсырыс беруші өткізетін жоспардан тыс кестеге сәйкес АЖЖ бойынша жалпы зауыттық аварияға қарсы дабылдарға қатысады.

4.1.49. Қызмет көрсету үшін тартылатын автокөлік құралдары мен авариялық-құтқару техникасын, сондай-ақ Тапсырыс берушіден жалға алынатын техниканы жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуге;


4.1.50. Өз есебінен және Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде осы Шарт бойынша қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің өкілі белгілеген ақауларды жоюға;

4.1.51. Қызмет көрсету кезінде өрт, өнеркәсіптік және газ қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын, санитарлық қағидаларды, нормаларды сақтауға, Шарттың 4.2.6-тармағында көрсетілген Тапсырыс берушінің кәсіпорнында қолданылатын ішкі нормативтік актілердің, қағидалардың, нұсқаулықтардың, регламенттік рәсімдердің, ережелердің талаптарын қатаң орындауға. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға;

4.1.52. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

4.1.53. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.54. Сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу (тізбеге енгізілген жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу кезінде қолданылады, оларды орындау немесе көрсету кезінде тауарларды сатып алу тауар өндірушілерден жүзеге асырылады). Мердігердің/Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау тараптардың қол қойған күніне дейін орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіні, сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінің (лерінің)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымның(дардың) тауарларды сатып алу туралы шарттың(тардың) көшірмелерін, тауарларды





қабылдау-тапсыру актілерін ұсыну болып табылады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Мердігердің/Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мердігер/ Орындаушы Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(тардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауарды(ларды) қабылдау-тапсыру актісінің(лерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.55. Тапсырыс беруші өкілінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушіге шарттық міндеттемелерді орындау бойынша өз қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде қос Тараптың уәкілетті өкілдерімен келісілген нұсқандар (ақпараттар, есептіліктер) және мерзімдер шегінде сұраныс бойынша статистикалық мәліметтерді, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындайтын Орындаушы және қосалқы мердігерлері жұмыскерлерінің азаматтығын және әр лауазымы бойынша төленген жалақы сомасын және Орындаушы/қосалқы мердігер жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеуге қатысты басқа да мәселелерді көрсете отырып, олардың саны мен лауазымдары туралы ақпаратты ұсынуға міндетті. Бұл ретте, Орындаушы жұмыскерлердің жеке деректерін қорғау бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауға қажетті барлық шараларды өзі қабылдайды.

## 4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.7. Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарын орындамауы нәтижесінде келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

## 4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.


4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.5. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға;

4.3.6. Шарт бойынша қызметтерді көрсететін персоналдың өндірісте жазатайым оқиғаға ұшырау фактісі туралы Орындаушыға дереу хабарлауға;

4.3.7. Шарт бойынша қызметтерді көрсететін персонал жазатайым оқиғаға ұшыраған жағдайда ҚР заңнамасымен көзделген қажетті шараларды қабылдауға, Орындаушыға жазатайым оқиғаны тергеп тексеруге жәрдемдесуге; Орындаушының жұмыскерлері шарттың міндеттемелерін орындау үшін қажетті Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік тәртіптерінің талаптарымен танысқаннан кейін Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындауға рұқсат беруге.

4.3.8. Орындаушының жұмыскерлерін объектіде қолданылатын «Өткізу және объектішілік тәртіптер туралы ереженің», еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт, газ, өнеркәсіптік қауіпсіздік, олардың өз функцияларын жүзеге асыруға қатысты бөлігінде талаптарымен, сондай-ақ «ПМХЗ» ЖШС-нің сапа, экология, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия





үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, активтерді басқару, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатымен», «ПМХЗ» ЖШС-нің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және энергияны үнемдеу саласындағы мердігерлік ұйымдармен және сервистік компаниялармен өзара іс-қимылы бойынша құжатталған рәсіммен», «Жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. 5S жүйесімен» және Тапсырыс берушінің кәсіпорнында қолданылатын және осы Шарт бойынша қызметтерді ұйымдастыруға және көрсетуге қатысты басқа да актілерімен таныстыруға;

4.3.9. Өрт және өнеркәсіптік (газ) қауіпсіздік талаптарын сақтауға, Орындаушының «Объектінің газ қауіпсіздігінің жай-күйін тексеру актілерінде» қарауға және авариялар мен өрттердің туындау себептерін жоюға, адамдар мен материалдық құндылықтарды олар туындаған жағдайда сәтті эвакуациялау үшін жағдайлар жасауға бағытталған шараларды қабылдауға;

4.3.10. Орындаушыға авариялық жағдайлар мен өрттер туралы немесе олардың туындауына қауіп төндіретін факторлар туралы, өртке қарсы және газдан қорғау жүйелері мен құралдарының ақаулары туралы, жолдардың жай-күйінің, жол жүрудің өзгеруі туралы дереу хабарлауға;

4.3.11. Нұсқаулықтардың, Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес олардың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету үшін Орындаушының ГҚК бөлімшелерін тарту қажеттігін міндетті түрде көрсете отырып, қауіптілігі жоғары жұмыстарды (газ қауіпті жұмыстарды) жүргізуге рұқсат беру құжаттарын орындаушымен келісуге.

4.3.12. Нормалардың, Қағидалардың, стандарттар мен нұсқаулықтардың бұзылуын анықтау, тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарының, жарылысқа дейінгі шоғырланудың стационарлық сигнализаторларының және шекті рұқсат етілген шоғырланудың стационарлық газ талдағыштарының жұмыс қабілеттілігі мен құрамын бақылау үшін Орындаушының жұмыскерлеріне Тапсырыс берушінің барлық үй-жайларына, ғимараттары мен құрылыстарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттенеді.

#### 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Егер Орындаушы шарттық міндеттемелер талаптарын бұзып орындаған қызметтерді түзету бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Орындаушыға бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді толық немесе ішінара тоқтатуды тапсырып, жазбаша нұсқама береді.

4.4.7. Орындаушы 4.1.22, 4.1.23-тармақтарда көзделген ақшалай қаражатты нысаналы пайдалану бойынша есептілікті ұсынбаған не Тапсырыс беруші Шартта көзделмеген мақсаттарға ақшалай қаражатты пайдалану фактісін тексеру (аудит) қорытындылары бойынша анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші мұндай қаражатты қайтаруды талап ету құқығын өзіне қалдырады, ал Орындаушы осы қаражатты Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қайтаруға міндетті, немесе Тапсырыс беруші Шарт бойынша осындай сомаларды, соның ішінде Тапсырыс берушімен жасалған өзге де шарттар бойынша Орындаушыға тиесілі сомалардан біржақты тәртіпте ұстап қалуға құқылы. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен жасалған шарттар бойынша Орындаушыға тиесілі сомалардан осы сомаларды ұстап қалуға сөзсіз келісім береді.

### 5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Көрсетілген қызметтердің саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға қызмет көрсеткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде не қабылдаудың әдеттегі тәсілімен анықталмаған кемшіліктерді (жасырын кемшіліктерді) анықтау кезінде ұсынады.





5.4. Егер Орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап Орындаушы деп танылады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.5. Егер Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсеткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

5.6. Орындаушының көрсетілген қызметтерді тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы екі Тарап қол қоятын және кәсіпорындардың мөрлерімен бекітілетін актімен ресімделеді.

5.7. Актіде көрсетілген күн - көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру күні болып есептеледі.

5.8. Тапсырыс беруші Актіні алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қызметтерді қабылдайды және оған қол қоюды немесе Орындаушыға Қызметтерді көрсетуден жазбаша дәлелді бас тартуды жібереді. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдамаған жағдайда Тараптар екіжақты акті жасайды. Бұл актіде қызмет көрсету кемшіліктері, сонымен қатар оларды жою талаптары мен мерзімдері көрсетіледі. Қызмет көрсетудегі кемшіліктерді Орындаушы өз тәуекеліне қарай және өз қаражаты есебінен жояды.

5.9. Егер Орындаушы қызметтерді шартпен белгіленген мерзімдерде аяқтамаса, сонымен қатар тиісті түрде қызмет көрсетпесе, немесе Орындаушы осы шарттың басқа да маңызды талаптарын бұзса, Тапсырыс беруші Орындаушыға қандай да бір төлемдерді, залалдарды өтемей, осы Шартты біржақты тәртіпте бұза (шарттан бас тарта) алады. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыға осы шартты бұзатын болжамды күнге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей алдын ала хабарлама жібереді.

5.10. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау кезінде Орындаушының Шарттың 4.1.26-тармағын қосалқы мердігерлерді тарту тәртібі мен көлемінің сәйкес келмеуі бөлігінде бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөліміне сәйкес Орындаушыны жауапкершілікке тартуға құқылы.

## 6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Тапсырыс беруші анықтаған сәйкессіздіктер мен кемшіліктерді кепілдік мерзімі кезеңінде Орындаушы өз есебінен және өз күшімен жояды.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:


7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Тапсырыс берушіге және/немесе үшінші тұлғаларға залал келтірілген немесе Тапсырыс берушінің жұмыскерлеріне және/немесе үшінші тұлғалардың жұмыскерлеріне, Тапсырыс берушінің мүлкіне және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірілген жағдайда Орындаушы Тапсырыс беруші және/немесе үшінші тұлғалар шеккен барлық шығындарды, өсімпұлдарды, залалдарды, соның ішінде Тапсырыс беруші жұмыскерлерінің және/немесе үшінші тұлғалар жұмыскерлерінің денсаулығын қалпына келтіруге байланысты шығындарды өтеуге міндетті.

7.2.4. Қызметтерді сапасыз көрсету анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шарттың бағасын көтермей және Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде кемшіліктерді, ақауларды өз күшімен жоюға міндетті.

7.2.5. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді Шарт талаптарына сәйкес





орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.6. Орындаушы Шартта қарастырылған Қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда Орындаушы әрбір мерзімі өткізілген күнтізбелік күн үшін уақытылы көрсетілмеген қызметтер құнынан 0,1 % мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Орындаушының өз міндеттемелерін Шартта көзделген мерзімдерде орындау мүмкіндігін шектейтін Тапсырыс берушінің кінәсінен туындаған жағдайлардың салдарынан Орындаушының міндеттемелерін орындауын кешіктіруі Орындаушыдан өсімпұл өндіруге негіз болмайды. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімін кешіктіру уақытына сәйкес қайта қарайды.

7.2.8. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзу (соның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайында, Орындаушы Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығындары жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді.

7.2.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.2.10. Егер Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың 4.1.2-тармағында белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзады және әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.2.11. Елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Орындаушы Шарт сомасынан 5% мөлшерде, сондай-ақ орындалмаған елішілік құндылықтың әрбір 1% үшін 0,15% мөлшерде, бірақ Шарт сомасынан 10% аспайтын көлемде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.12. Орындаушы осы Шарт бойынша көзделген Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Орындаушы осы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтер үшін келесі төлемнен айыппұл (өсімпұл) сомасын ұстап қалу құқығын береді.

7.2.13. Қызметтерді сапасыз көрсету анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шарттың бағасын көтермей және Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде кемшіліктерді, ақауларды өз күшімен жоюға міндетті.

7.2.14. Орындаушы ақаулар мен толық орындамауларды, Қызметтердегі анықталған кемшіліктерді уақытылы жоймағаны үшін Орындаушы мерзімі өткізілген әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтердің құнынан 0,1% мөлшерінде, бірақ көрсетілген Қызметтердің құнынан 10% аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндетті.


7.2.15. Орындаушы Шарттың осы бөлімінде көзделмеген Шарт бойынша басқа да міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының міндеттемелерін бұзған әрбір жеке жағдайда Орындаушыдан Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.16. Қызмет көрсетуден негізсіз бас тартқан немесе Орындаушының кінәсі бойынша қызмет көрсету мүмкін болмаған немесе Орындаушының бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда немесе осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа не Орындаушының Шарттың талаптарын бұзуына байланысты Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.17. Орындаушының және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушыларының Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені үшін Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2.18. Заңнама талаптарын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын, соның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құжаттарды сақтамауына байланысты Орындаушының кінәсінен туындаған уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша кез-келген негізде сот тәртібімен Тапсырыс берушіден өндіріп алынған барлық ақшалай сомаларды, шығындарды, айыппұлдарды өтеуге келіседі. Сондай-ақ Орындаушының, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың жұмыскерлерінің немесе олар тартқан тұлғалардың кез келген әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде немесе Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы шарттық қатынастардан туындаған Тапсырыс берушіге, оның мердігерлеріне және (немесе) ол тартқан тұлғаларға, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың мүлкіне келтірілген барлық шығындар өтелсін.

7.2.19. Орындаушы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша Қызметтердің дұрыс көрсетілмеуіне байланысты үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу бойынша кез келген жауапкершілік пен міндеттемелерден қорғайды және босатады.





7.2.20. Мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар салған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге аталған айыппұлдарды, сондай-ақ Шарт бойынша Қызметтер тиісінше көрсетілмеуіне байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген шығындар мен залалды өтейді.

7.2.21. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта талаптарын сақтамауы салдарынан болуы мүмкін оқиғалар үшін, соның ішінде Орындаушы жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болады.

7.2.22. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы бұзылған жағдайда осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық төлемдерді (айыппұл санкцияларын) Орындаушы жүргізеді.

7.2.23. Шарттың 4.1.22-тармағының талаптары бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бұл айыппұлды Мердігер төлеуі тиіс немесе тараптар орындалған жұмыстардың қабылдануын-тапсырылуын растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін, Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.24. Орындаушының жұмыскерлері Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарына сәйкес берілген рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлдірген) жағдайда, Орындаушы рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлінген) кездегі оның құнын (кәсіпорында қолданыстағы бағаларға сәйкес) өтеуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге рұқсаттаманы жоғалтқаны (бүлдіргені) үшін әрбір жоғалған (бүлінген) жағдайға 3 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.25. Шарттың 4.1.54 тармағында көзделген міндеттеме орындалмаған жағдайда, Мердігер/ Орындаушы міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер/жұмыстарды/қызметтерді орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдауды-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

### 7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Шарт бойынша төлемдердің (соның ішінде аванстық төлемдерді) мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткізілген әр күнтізбелік күн үшін берешек соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.3.2. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді.

7.3.3. Тараптардың бірінің міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы екінші Тарапты өзара міндеттерін орындаудан және өз міндеттерін орындаудан қарсы талаптарды қанағаттандырудан босатады.

7.3.4. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.3.5. Тапсырыс беруші өз пайдасына тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), Тапсырыс берушіге келтірілген залалды және Орындаушы Тапсырыс берушіге төлеуге жататын басқа да төлемдерді Орындаушыға тиесілі сомадан ұстап қалуға құқылы. Орындаушы тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуге Тапсырыс берушінің Орындаушыға берген фактура-шоты көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге және тұрақсыздық айыбын төлеуге қарсы біртекті талаптарды есепке алу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

7.3.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.3.7. Тапсырыс беруші Орындаушымен тексеру күнін алдын ала келісе отырып, ҚР СТ 9001/ISO 9001 талаптарының сақталуы тұрғысынан Орындаушының сапа менеджменті жүйесінің аудитін еркін жүргізуге құқылы.

7.3.8. Сапа менеджменті жүйесінің аудитін жүргізу кезінде Тапсырыс беруші сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда, Орындаушы сәйкессіздік анықталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы сәйкессіздіктерді жоюға және анықталған сәйкессіздіктердің себептерін жою бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

7.3.9. Тараптар құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға заңсыз жария еткені үшін келтірілген залал мөлшерінде жауапты болады

7.4. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.





7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

## 8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Шарт талаптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

8.3.5. Тапсырыс беруші кеңестік қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау үдерісінде әлеуетті өнім берушінің мүдделер қактығысының болмауы туралы анық емес ақпарат және/немесе жалған мәліметтер ұсынғанын анықтаған жағдайда;

8.3.6. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

8.3.7. Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.


8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні ескертілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушының Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқығы бар. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Орындаушы бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер қолданылмайды.

8.7. Тапсырыс беруші кез келген уақытта біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тарту), егер Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауға кіріспесе немесе тараптар келіскен мерзімге дейін аяқтау мүмкін болмайтын міндеттемелерді соншалықты баяу орындаса, сондай-ақ Орындаушы/қосалқы мердігерлер Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берсе, Орындаушы еңбек қатынастары саласында анықталған Тапсырыс берушінің ескертулерін жоймаса не болмаса осы Шарттың №5-қосымшасында көрсетілген талаптарды қайта бұзса, Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етпесе, Орындаушы жүргізілген сатып алу нәтижелеріне және шарттық міндеттемелерді орындауға әсер ететін дәйексіз ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынса, сондай-ақ Орындаушы Шартты өзге де елеулі бұзған жағдайда құқылы. Орындаушының Шартты елеулі түрде бұзуы деп Орындаушының осы Шарттан туындайтын міндеттемелерінің кез келгенін 10 (он) күнтізбелік күннен астам мерзімде орындамауы немесе тиісті деңгейде орындамауы түсініледі.

8.8. Шарттың 8.7-тармағында көрсетілген хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуі тиіс. Бұл ретте, Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Тараптар Шартты бұзу күнгі жағдай бойынша өзара есеп- айырысуларды салыстыру актісін қоса бере отырып, Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша келісім ресімдеуі мүмкін, ал Орындаушы көрсетілген құжаттарға қол қоюға және оларды





өз мөрiнiң таңбасымен бекiтуге мiндеттi.

## 9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9.6. Осы Шарттың талаптары бойынша барлық хат алмасу қазақ және орыс тілдерінде жазбаша түрде жүзеге асырылуы тиіс.

## 10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап 2028 жылғы 31 наурызға дейін қолданылады, ал Кепілдікті қолдау, өзара есеп айырысу және Құпия ақпаратты, жауапкершілікті, дауларды шешу тәртібін жария етпеу бөлігінде - олар толық және тиісінше орындалғанға дейін.

## 11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер төтенше және болмай қоймайтын еңсерілмейтін күштің (форс-мажор) салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, тиісінше орындамаған немесе уақтылы орындамаған болса, онда Тараптардың ешқайсысы өз міндеттемелерін орындамағаны үшін мүлктік жауапкершілікті көтермейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларына: табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, лаңкестік актілер, Тараптар бақылай алмайтын авариялар, пандемиялар, эпидемиялар, Шартты орындау мүмкін еместігіне әсер еткен мемлекеттік органдардың немесе олар бақылайтын заңды тұлғалардың құқықтық актілері мен әрекеттері жатады.

11.3. Егер жоғарыда аталған мән-жайлардың кез келгені Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей әсер еткен болса, онда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі тиісті жағдайлардың әрекет ету мерзіміне ұзартылады.

11.4. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Тараптар дереу, бірақ олар туындаған сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей жоғарыда аталған жағдайлардың басталуы, ықтимал ұзақтығы және аяқталуы туралы бір-бірін жазбаша хабардар етеді.

11.5. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Тараптар туындаған жағдайға қатысты, сондай-ақ оның Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері мен құқықтарына әсері туралы әділ шешім қабылдау үшін дереу келіссөздер жүргізу үшін жиналады.

11.6. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз ретінде жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.


11.7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары қатарынан 30 күнтізбелік күннен астам әрекет етуді жалғастырған жағдайда, Тараптардың кез келгені екінші Тарапты Шартты бұзу күнінен 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Тараптар Шарт бұзу күніне дейін 10 жұмыс күні ішінде Шарт бойынша өзара есеп айырысуды жүзеге асыруға міндетті.

11.8. Құзыретті органдар/ұйымдар берген құжаттар жоғарыда аталған форс-мажорлық жағдайлардың болуы және олардың ұзақтығы туралы тиісті және жеткілікті дәлелі болады.

## 12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.





12.3. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) жұмыс күні ішінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.4. Дауды қарау орны – Павлодар қаласының соттарында.

12.5. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

### 13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Орындаушы осы шарт бойынша әрекет ететін онымен аффилирленген барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Аффилирленген тұлға» деп аталады), соның ішінде шектеусіз Орындаушының меншік иелерінің, директорларының, лауазымды тұлғаларының, жұмыскерлері мен агенттерінің осы тармақтың кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.


13.9. Орындаушы және барлық Аффилирленген тұлғалар тікелей немесе жанама түрде келесі әрекеттерді: ПМХЗ мен оның аффилирленген тұлғалары үшін заңсыз жолмен алу, бизнесті сақтау не жүргізу немесе заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетпен байланысты кез-келген тұлғаларға кез келген ақшаны немесе басқа құндылықты (соның ішінде сыйлықтарды, ойын-сауық пен субсидияларды) төлеу, ұсыну, уәде беру немесе төлеуге рұқсат беру сияқты әрекеттерді жасамауға; Коммерциялық парақорлықты және бизнесті жүргізудің басқа да заңға қайшы және заңсыз тәсілдерін қоса алғанда, коммерция саласында пара беруге тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын басқа әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

13.10. Орындаушы мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері немесе тікелей не жанама иелері болып табылатын Саяси тұлғалары жоқ.

13.11. Орындаушы кез келген Саяси маңызды тұлға шарт бойынша Орындаушының лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған немесе Орындаушыға тікелей немесе жанама мүддеге ие болған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді.

13.12. Орындаушы ешқандай заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие.

13.13. Орындаушы және оның аффилирленген тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық заңсыз әрекеттері үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған емес. Орындаушы немесе оның кез келген аффилирленген тұлғалары осындай заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталған болса немесе кінәлі деп танылса, Орындаушы ПМХЗ-ге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.





13.14. Орындаушы ҚМГ ресми веб-сайтында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Іскерлік әдеп кодексімен және ҚМГ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен танысқандығын растайды. Өнім беруші ҚМГ Іскерлік мінез-құлық кодексін және ҚМГ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын толық түсінетінін растайды.

13.15. Орындаушы ПМХЗ-ге осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтың талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, соның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды тұлғаларына және басқа Аффилирленген тұлғаларға сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.16. Орындаушы ПМХЗ қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтардың талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы ПМХЗ жедел хабардар етуге міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Орындаушы ҚМГ ресми веб-сайтында ақпарат орналастырылған ҚМГ «Сенім телефонын» пайдалануға міндетті.

#### 14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

14.3. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан және құпиялылық жөніндегі міндеттемеге нұқсан келтірместен, Тараптар мұндай ақпаратты өздерінің аффилирленген тұлғаларының, сондай-ақ Тараптардың қаржылық-шаруашылық қызметін тексеретін тұлғалардың, кеңесшілердің сұрауы бойынша беруге құқылы. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз жария ету нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген залал үшін бір-бірінің алдында жауап береді. Жауапкершілік ережелері осы Шартқа қол қойылған күндегі немесе оның қолданылу мерзімі ішінде мәлімет немесе ақпарат Тараптардың кінәсінен емес, өздері жария болған немесе жалпыға белгілі болған жағдайларға қолданылмайды.

14.4. Осы бөлімнің ережелері Тараптардың әрқайсысына, сондай-ақ Тараптардың штаттық персоналы болып табылатын барлық тұлғаларға, соның ішінде олармен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін немесе олар келісімшарт не еңбек келісімінің негізінде тартқан, осындай мәліметтер мен ақпараттарға рұқсаты бар басқа да тұлғаларға құпия ақпаратты жария етпеу жөніндегі міндеттемелерді жүктейді.

#### 15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы: (а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (б) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (с) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S.





Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.


15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не тенге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не \_\_\_\_\_ жүзеге асыру Орындаушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны \_ («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ тенгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша \_ жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.





15.10. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар осы Шарттың 15.12-тармағына сәйкес ресімделген құжаттарды қоспағанда, Тараптардың жазбаша келісімі бойынша жасалған, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрімен бекітілген жағдайда ғана жарамды болады.

15.11. Осы Шартқа қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

15.12. Тапсырыс берушінің немесе Орындаушының мекенжайы немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тараптардың әрқайсысы бір-бірін тиісті өзгерістер туралы жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ерудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілген болса) қайсысы кейінірек болса сол күні күшіне енеді.

15.13. Тараптардың ешқайсысы Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

15.14. Осы Шартта көзделмеген барлық басқа мәселелерде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

15.15. Шарт бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан, орыс және қазақ тілдерінде жасалды.

### 16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС  
Павлодар облысы, Павлодар Қ.Ә., Павлодар қ.,  
Химкомбинатовская, 1  
БСН 001140000362  
БСК HSBKКZKX  
ЖСК KZ176010241000012293  
АО "Народный Банк Казахстана"  
Тел.: +7 (718) 239-6854


\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
БСН \_\_\_\_\_  
БСК \_\_\_\_\_  
ЖСК \_\_\_\_\_  
Тел.: \_\_\_\_\_





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі


Жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Жыл	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
54-2 У	Авариялық-құтқару қызметтері, Апаттық-құтқару қызметі бойынша қызметтер	«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік (газдан құтқару) саласындағы авариялардың алдын алу және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша қызметтер.	1.000					1 602 434 000	ҚАЗАҚСТАН, Павлодар облысы, Павлодар Қ.Ө., Павлодар қ., ул. Химкомбинатовская, 1	-	01.2025 бастап 03.2028 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%





**Техникалық сипаттама**

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы № \_\_\_\_\_

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, тенгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 ( $\sum 15 / \sum 7 * 100\%$ )
						0,00								0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенкатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.





Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар


р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{кесте } 1) + \sum 8(\text{кесте } 2)/6 * 100\%$ )
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





## Договор о закупке услуг № \_\_\_\_\_

г. \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "Павлодарский нефтехимический завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице \_\_\_\_\_, действующего на основании \_\_\_\_\_, с одной стороны, и \_\_\_\_\_ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице \_\_\_\_\_, действующего на основании \_\_\_\_\_, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании \_\_\_\_\_, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

### 1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

1.2. Нижеперечисленные термины и определения, использованные в настоящем Договоре с заглавной буквы, имеют следующее значение:

1.2.1. «Общая сумма Договора» - сумма, указанная в пункте 2.1 Договора, которая рассчитана на весь период срока действия договора и изменению не подлежит.

1.2.2. «Конфиденциальная информация» - документация и иная информация (включая, но, не ограничиваясь, письменной, устной, расположенной на электронных носителях) содержащая финансовые, технические и иные сведения Заказчика, имеющая действительную или потенциальную коммерческую ценность в силу её неизвестности третьим лицам, к которой нет свободного доступа и которая была получена Исполнителем по настоящему Договору или в связи с ним, включая содержание самого Договора.

1.2.3. «Услуги» - услуги аварийно-спасательной службы в области промышленной безопасности, наименование и техническая характеристика которых приведены в Технической спецификации (Приложение №2 к Договору).

1.2.4. «Акт» - акт выполненных работ (оказанных услуг), подписанный уполномоченными Представителями Сторон и заверенный оттисками печатей Сторон, подтверждающий факт оказания Услуг Исполнителем и их принятия Заказчиком. Дата подписания Акта является датой оказания Услуг;

1.2.5. «Техническая спецификация» - перечень, описание и требования к оказываемым Исполнителем Услугам, определенные Сторонами в Приложении №2 к Договору, являющемся неотъемлемой частью настоящего Договора;

